

# «ТАЛАР»-ТЫҢ МІНДЕТІ – КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

**Қазіргі таңдағы жаһандану мен индустрияландыру жағдайында экономиканың барлық салалары үшін кадрлар даярлау мәселелерін жақсарту еліміздің саясатындағы өзекті міндеттердің бірі.**

**Б**арлық дамыған елде өндіріс пен бизнес үшін кадрлардың негізгі провайдері техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) жүйесі болып табылады. Сондықтан ТжКБ ұйымдарына ЮНЕСКО-ның шеңберінде аса назар аударылуда, ал БҰҰ Декларациясы осы жүйені мыңжылдық дамудың мақсатына жатқызады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында да (2020 жылғы 1 қыркүйек) кадрлар даярлау жүйесіне назар аударылған: «Біз сонымен қатар барлық кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығына қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағыттауымыз керек».

Бүгінде ТжКБ жаңғыртуды, оны әдіснамалық қамтамасыз етуді және колледждердің қызметін ілгерілетуді «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы өз алдына мақсат етіп қойды.

**Talar-тың басты міндеті – барлық жинаған озық педагогикалық тәжірибесін ескере отырып кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына жан-жақты жәрдемдесу.**

Қызметіміз келесі стратегиялық бағыттарға шоғырланған:

1. ТжКБ оқу процесі мазмұнын жаңарту (ТжКБ жүйесіндегі оқу әдістемелік бірлестіктерімен өзара алмаса қызмет жасай отырып);

2. ТжКБ оқытудың сапасын жақсарту және педагогтерінің біліктілігін арттыру;

3. ТжКБ тиімділігі мен дәрежесін арттыру және негізінде ТжКБ жүйесіне өзекті құралдарды енгізу (WordSkills қозғалысы дамыту, «Жас маман» жобасын жүзеге асыру, Туриндік процесс аясында сараптама жасау және т. б.).

4. ТжКБ жүйесіне алдыңғы қатарлы колледждердің тәжірибесін трансляциялау («APEC PetroTechnic» жоғары колледжінің тәжірибесі).

Еңбек нарығындағы мамандардың жұмыс берушінің талабына сай білім алуы, құзыреттіліктерді меңгерген айқындалған біліктілігінің болуы, өндірістегі замануи технологиялық процестерді дереу меңгеруде кәсіби машықталуы заман талабына сәйкес туындауда. Бұл өз алдына, жұмыс берушілердің талаптарына сай ТжКБ бағдарламалары мазмұнының үнемі жаңарып отырмауымен байланысты.

Бұл мәселені шешуде, Talar қоғамы ТжКБ ұйымдарында жұмысшы және техникалық мамандарды даярлауға арналған жаңартылған білім беру бағдарламаларын жасау үшін халықаралық тәжірибелерді белсенді зерделеп және оларды әзірлеу бойынша нәтижелі жұмыстар атқаруда.

Talar тарапынан әлемдік озық тәжірибеге сүйеніп, сондай-ақ WorldSkills стандарттарын ескере отырып, 2016-2020 жылдары ТжКБ жүйесіндегі қолданыстағы типтік білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру бойынша жұмыстар атқарды.



**Барлық білім беру бағдарламалары модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген. Олар модульдер негізінде жасалады. Әрбір модуль нақты жұмыс пен біліктілікке сай құзыреттерді қалыптастыруға арналған. Оларда оқу процесінен «оқыту нәтижесіне» көшу көзделген. Бағдарламалар білім ошақтарында курсты құрудағы икемділік пен мазмұнды анықтаудағы еркіндікті береді. Жұмыс берушілердің тапсырысына сай оқу орындары белгілі бір біліктілікке сай оқыту курсының модульдерін жинақтай алады.**

Тағы бір ерекшелік жұмыс беруші білім беру бағдарламаларын әзірлеуге белсенді қатысып, сараптама жасап, тұжырымдама береді.

Биыл да білім беру мазмұнына жаңа сипат беру, құрылымын жаңадандыру бойынша жұмыстар әрі

қарай жалғасады. Осы ретте қазіргі уақытта ТЖКБ ұйымдарындағы академиялық еркіндік мәселелерін пысықтай отырып, жаңа білім беру бағдарламалары әзірленуде және қолданыстағы типтік білім беру бағдарламалары өзектендірілуде (барлығы: 217 бағдарлама).

Әрине, білім мазмұнын жаңартуда білім беру бағдарламаларын әзірлеумен және өзектендірумен шектеліп отырған жоқпыз.

Біріншіден, шетелде ТЖКБ маңызды элементі «өмір бойына білім алу» принципін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін (life long learning) кредиттік оқыту жүйесіне қатысты да жұмыстар атқарылуда. Мәселен кәсіптік білім берудегі еуропалық кредиттік жүйені (ЕКВЕТ) зерделеп, оны жүзеге асыру бойынша әдістемелік құралды әзірлеп, сондай-ақ кредиттік технологияны қамтитын нормативтік құқықтық құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге қатысудамыз.

Екіншіден, Ұлттық біліктілік жүйесінің 5-деңгейіне сәйкес келетін қолданбалы бакалавриатқа қатысты бағытты да зерделеудеміз. Қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасының пішіні мен әдіснамасын әзірледік. Биылғы жылы колледждерге қоланбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын оқу процесіне енгізу бойынша әдістемелік көмек көрсетудеміз және білім беру бағдарламаларын әзірлеу жоспарда бар.

Үшіншіден, инклюзивті білім беру бағытына да аса көңіл бөлудеміз. Елбасының халыққа жолдауында да бұған немқұрайлықпен қарамай, жұмыстар атқару керектігі айтылған. Сондықтан біз ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың кәсіптік білім алуы және олардың одан әрі қоғамға интеграцияланып, табысты әлеуметтенуіне, қоғам өміріне толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге, әр түрлі кәсіби және әлеуметтік қызметте өзін-өзі тиімді жетілдіруге қатысты колледждерге әдістемелік және кеңестік көмек көрсетудеміз.

Төртіншіден, ТаларТЖКБ жүйесіндегі оқу-әдістемелік бірлестіктердің де жұмысын сараптап, алдын ала жасалған жоспар бойынша оларға әдістемелік және консультативтік көмек көрсетеді. Олар ТЖКБ

жүйесіндегі мамандық пен біліктілікке қатысты бағыттар бойынша жұмысты қадағалайды.

Соңғы екі жылда елімізде қалыптасқан эпидемиологиялық ахуалға байланысты білім саласында, оның ішінде ТЖКБ жүйесінде қашықтықтан білім беру технологиясының (ҚББТ) қарқыны дамыды. Осы мақсатында Талар сайтында ТЖКБ мамандықтары бойынша ҚББТ пайдалану бойынша бейнесабақтар, электрондық оқулықтар мен қосымша материалдар каталогы құрылды, оны өңірлердің оқу-әдістемелік кабинеттерінен және бейіндер бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерден алынатын ақпарат негізінде үнемі жаңартылып отырылады.

2021 жылғы 16 наурызға каталогта 24 100 оқу материалдары бойынша сілтемелер орналастырылған, оның ішінде: 13 757 – бейне сабақ; 4 005 – электронды оқулық (курс); 6 338 – қосымша материал.

Халқымыздың «Кітап – білім бұлағы» деген нақыл сөзінде айтылғандай, ТЖКБ саласында да бұл өзекті бағытта жоспарланған жұмыстар атқарылуда. Егер сараптамаға сүйенсек, еліміздегі колледждердің кітапхана қорында 1991 жылдан бері жаңарылмаған оқулықтар өте көп. Ол сапалы маман даярауда айтарлықтай кедергі келтіреді.

**Қазіргі таңда колледж кітапханаларын заманауи оқулықтармен қамтамасыз ету көзделген. Талар бұл тарапта ТЖКБ жүйесіне қазақ, орыс тілдерінде 2016 – 2019 жылдары 500-ден аса шетелдік оқулықты аударып, 2018-2020 жылдар аралығында типтік білім беру бағдарламалары негізінде 300-ден аса оқу құралын әзірледі.**

Барлық оқулықтарды <https://kasipkor.kz/?lang=ru#> сайтынан жүктеуге болады. Оқулықтардың мазмұны мамандықтар бойынша заманауи және ең өзекті мәліметтерді қамтиды.

Сонымен қатар министрліктің тапсырмасына сәйкес біздің тарапымыздан ТЖКБ мамандықтары бойынша

жұмыстық оқу жоспарларының тізілімі жасалды. Тізілім Талар-тың серверінде орналастырылған (сілтеме: [tvvet.kz/catalog](http://tvvet.kz/catalog)) әрі оған қол жеткізу жалпыға ортақ және тегін. Бүгінгі күні ТЖКБ-ның 93 мамандығы бойынша 155 жұмыс оқу жоспары орналастырылды, жұмыстар жалғасуда.

Стратегиялық бағытымыздың тағы бірі – оқыту сапасын арттыру. Осыған сәйкес 2016 жылдан бастап жыл сайын «Талар» КеАҚ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесі педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырады және өткізеді.

2016 жылдан бастап халықаралық талаптар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан ТЖКОБ жүйесінің 23 400 педагог қызметкері, оның ішінде 21 900 инженер-педагог қызметкер және 1 500 басшы өтті.

Педагогтердің біліктілігін арттыру бекітілген, әр жыл сайын өзектендіріліп және жаңартылып тұратын 26 білім беру бағдарламасы бойынша жүргізілді. Бағдарламалардың ерекшелігі ТЖКБ жүйесі педагог қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту, оқу және оқыту процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады. Білім беру бағдарламалары ТЖКБ ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарындағы қажеттіліктеріне, тиімділікті бағалау критерийлеріне жүргізілген талдауды ескере отырып, өзектендіріліп әзірленеді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес министрліктің жанындағы сарапшылық кеңеспен келісіледі. Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілерге қолданыстағы талаптардың өзгеруі немесе жаңа талаптардың пайда болуы тұрғысынан талдау және әр аймақтың қажеттіліктеріне қарай жасақталады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау үшін диагностика жүргізілді. Сауалнамадан өткен респонденттердің басым көпшілігі – оқытушылар (74,2%) және өндірістік оқыту

шеберлері (16,2%), қалғандары – колледж басшылары, басшылардың орынбасарлары мен әдіскерлері. Жүргізілген талдау біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуге, тренерлерді даярлаудың жоғары деңгейіне, өздерінің кәсіби құзыреттері деңгейін арттыруға педагогтердің қанағаттанушылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тыңдаушылар курс мазмұнының елеулі жаңалығын, материалдың қолжетімділігін, мазмұнның өзектілігі мен қажеттілігінің жоғары деңгейін атап өтеді.

Бұл ретте педагогтер ақпараттық-коммуникациялық және интернет-технологияларды пайдалануда ақпараттық коммуникативтік құзыреттері деңгейлерінің жеткіліксіздігі, инклюзивті білім беру, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу сияқты бағыттар бойынша нормативтік құқықтық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі салдарынан белгілі бір қиындықтарға тап болғанын айтады.

Сонымен қоса, қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқыту жағдайында оқу пәндерін (модульдерді) оқыту үшін қажетті кәсіби IT-құзыреттерді қалыптастыруда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Talar 3 бағдарлама бойынша қашықтан біліктілікті арттыру курстарын өткізді. Бұл курстар бейне-дәрістер, практикалық тапсырмалар, түрлі сервистер/платформаларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, презентациялар және т.б. форматында оқу-әдістемелік кешенімен қамтамасыз етілді.

Қашықтан оқытумен қатар ТЖКБ ұйымдарының педагогтеріне сабақтарда IT-технологияларды қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында Қоғам онлайн-ойындар, quiz, баттл, PechaKucha және т. б. форматында онлайн түрде іс-шаралар ұйымдастырады және өткізеді.

Сондай-ақ біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының сауалнамасын талдай отырып, біліктілікті арттыру курстарын өткізу форматына өзіндік жұмысқа уақыт бөлуді және өз тәжірибесінде алған білімдері мен дағдыларын сынап көруді ескере отырып, оқыту мерзімдерін 3 аптаға дейін ұлғайту қажеттілігі

белгіленді. Мұндай формат case-study әдістемесін: үлгілі және нақты жағдайларды талдауды, шешуді және талқылауды қолдануды көздейді. Оқыту форматына өзгерістер енгізу бағдарлама модульдерінің контентін өз бетінше зерделеуге, жеке тапсырмаларды орындауға, жұмыс орнында апробациялауға және нақты қолдануға тыңдаушыларға көбірек уақыт беру қажеттілігіне байланысты.

**Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары мазмұнының негізгі айырмашылығы – алынған білім мен дағдыларды іске асыру үшін жұмыс орнында практиканы көздейтін үздіксіз кәсіптік дамуды қамтамасыз ету жағына педагогтердің біліктілігін арттыру тәсілін өзгерту, курстан кейінгі жүйелі қолдау, педагогтердің оқыту деңгейін одан әрі өзгерту және жетілдіру, сондай-ақ оқытудың инновациялық әдістемелерін оқу-тәрбие процесіне енгізу болып табылады.**

Курс бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағытталған және педагогтің алған білімі мен дағдыларын каскадты таратуын қамтамасыз етуге арналған модульдерден тұрады, өйткені педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін педагогке қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да құзыреттердің оңтайлы арақатынасы білім алушылар білімінің сапалы өсуіне ықпал етеді. Сондай-ақ әрбір бағдарламада IT-технологияларды қолдануда және инклюзивті білім беруді іске асыруда педагогтердің құзыреттілігін жетілдіруге арналған модульдер қарастырылған.

Бүгінде елімізде жүзеге асырылып жатқан индустриялық инновациялық дамуға бағытталған жұмыстар біртіндеп екпін алып, еліміздің барлық өңірлерін қамтып келе жатыр. Әрине, индустрияның дамуы экономикамыздың өсуіне, еліміздің әлеуметтік өркендеуіне септігін

тигізетіні сөзсіз. Бұл өз кезегінде кәсіпорындарды сапалы жұмысшы мамандармен қамтамасыз етуді талап етеді. Жұмысшы мамандығының беделін және мәртебесін көтеру өзекті бағыт, бұл әлемдік мәселе.

Бүгінгі таңда халықаралық қауымдастықта WorldSkills қозғалысы әлемдегі жұмысшы мамандықтарды дәріптеуге және кәсіби шеберлікті дамытуға бағытталған негізгі құралдардың бірі. WorldSkills – әлемнің 85 мемлекетіне таралған халықаралық қозғалыс.

Осы себепті Қазақстан WorldSkills қозғалысының халықаралық ұйымдарының толық құқылы мүшесі, яғни WorldSkills International (2014ж.), WorldSkills Europe (2016 ж.), WorldSkills Asia (2019 ж.).

WorldSkills Kazakhstan бойынша Talar (бұрынғы – Кәсіпқор) Ұлттық оператор болып анықталды.

Осы ретте ҚР Үкіметі тарапынан қолдау көрсетіліп, жыл сайын қозғалысты дамыту үшін қаржы бөлінуде. Бизнесті WorldSkills қозғалысына белсенді тарту үшін WorldSkills Kazakhstan қамқоршылық кеңесі құрылды.

2015 жылы Қазақстанда алғаш рет WorldSkills Kazakhstan Ұлттық біріншілігі өткізілді. Қозғалыс дамыған алты жылдың ішінде Қазақстанда WorldSkills Kazakhstan 100-ден астам өңірлік және бес республикалық чемпионаты өткізілді. Ұлттық біріншілікке жасы 18-22 аралығындағы өңірлік біріншіліктің жеңімпаздары қатыса алады. Бұл қозғалыс еліміздің жас мамандарына алған кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда алғашқы республикалық чемпионат 2015 жылы өткізілді. Чемпионат географиясы едәуір кеңейіп, құзыреттер саны мен бағыттары артты (Future Skills, ZhasSkills, Agroskills, Абилимпикс және Deafskills). Қазақстан бес халықаралық чемпионатқа қатысып, 2015 жылғы 50-орыннан 2019 жылы 14-орынға жылжыды (Бразилия – 55 қатысушы елдің ішінде 50-орын, Швеция – 29-дан 29-орын, БАӘ – 56-дан 24-орын, Будапешт – 29-дан 10-орын, Ресей – 63-тен 14-орын).

Қазақстанның бұл қозғалысқа қосылуы ұлттық ТЖКБ жүйесінің пысықталуына негіз болды. Сонымен қатар, кадрларды даярлаудағы өзекті

әлемдік трендтерді зерделеуге және отандық ТжКБ жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген сараптама көрсеткендей, бізге бұл бағытта әлі де тиісті жұмыстар атқару керек. Бірінші кезекте, стратегиялық міндеттерді шешу үшін WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарын ұйымдастыруды және өткізуді жетілдіретін боламыз. Оның ішінде WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарының құзыреттер тізбесін жыл сайын кеңейту көзделуде.

Еліміздің ұлттық құрамасын халықаралық чемпионаттарға сапалы дайындау үшін серіктестер мен колледждерде, сондай-ақ «Жас Маман» жобасы аясында құрылатын орталықтарда жаттығу лагерлері ұйымдастырылатын болады. Яғни кәсіби дағдыларды шыңдау, техникалық ағылшын тілін, психологиялық және физикалық дайындықты жетілдіру бойынша ұлттық құрамамен жүйелі жұмыстар жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі таңда WorldSkills Kazakhstan сарапшылар қауымдастығын дамыту өзекті мәселелердің бірі. Осыған орай халықаралық сарапшыларды іріктеудің тиімді құралдары әзірленеді. Сарапшыларды WorldSkills стандарттары, чемпионаттар ережелері, этика кодексі, CIS және EDU WSK платформалары, техникалық ағылшын тілі бойынша білімдерін жетілдіру көзделген. Сондай-ақ эксперттердің көмегімен ТжКБ жүйесіне әлемдік үздік практикаларды тарату қарастырылады.

Осы қозғалыстың тәсілдерін ТжКБ жүйесіне енгізу үшін WorldSkills стандарттарын оқу процесіне енгізу, кәсіптік бағдар беру, педагогтерді курстық оқыту, «WorldSkills: демонстрациялық емтихандар» веб-қосымшасын қолдана отырып, демонстрациялық емтихан өткізу бойынша колледждерге әдіснамалық қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылады.

WorldSkills қозғалысының маңызды миссиясы – жастарды қазіргі мамандықтар әлемімен таныстыру. Осы ретте оқушыларға саналы түрде мамандық таңдауға және білім беру траекториясын құруға мүмкіндік беретін ЖасСкиллс қоғалысын дамыту негізгілердің бірі. Бұнда қазір

әзірленіп жатқан жаңа мамандықтар атласы ескерілетін болады.

«Әріптестік институтын» қалыптастыру, бизнесті қозғалысқа тарту және конкурсанттардың жұмысқа орналасуын ілгерілету мақсатында WorldSkills корпоративтік/салалық чемпионаттарын ұйымдастыру бойынша жұмыстар әрі қарайда атқарылатын болады.

Халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытуда WorldSkills International, WorldSkills Europe, WorldSkills Asia және басқа да шетелдік ұйымдармен өзара іс-әрекет күшейтілетін болады.

Бүгінгі таңда, осы жылдың шілде айында өтетін WorldSkills Asia онлайн-чемпионатына дайындық шеңберінде Қазақстанның халықаралық сарапшылары оқытудан өтуде.

Сондай-ақ, бүгінде еліміздің ұлттық құрамасы 5 құзыреттілік бойынша EuroSkills 2021 (қыркүйек) чемпионатына дайындалуда.

**Жалпы жоспар бойынша болашақта Қазақстанның WorldSkills халықаралық чемпионаттарына қатысушы 20 алдыңғы елдің қатарына кіруі көзделуде. WorldSkills қозғалысы аясындағы атқарылып жатқан жұмыстар және жоспарда көздеген іс-шаралар еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің модернизациялануына ықпал етеді деген ойдамын.**

Колледждердің маман даярлаудағы тағы бір тиімді бағыты – оқу процесінде дуальды оқыту жүйесінің болуы. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, дуальды оқыту жүйесін енгізу және дамыту ТжКБ табысты да тиімді дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Дуальды оқыту жүйесі – бұл оқу орнындағы кәсіптік оқыту (теориялық оқыту) мен өндірістегі шәкірттікті (практикалық оқыту) байланыстыратын оқу процесін ұйымдастыру тәсілі болып саналғандықтан, бұған қатысты жұмыстарды орындау біздің де жүзеге асыратын жұмыстарымыздың бірі. Қазіргі таңда елімізде 400-ден астам колледжде дуальды жүйе

бойынша оқыту жүргізіп жатыр. Біз өз тарапымыздан колледждерге оқу процесінде дуальды оқытуды дамыту мақсатында оқу-әдістемелік және консультативтік көмек көрсетудеміз.

Қазақстан 2010 жылдан бастап Еуропалық білім қорының (ЕБҚ) ұсынысымен басталған Туриндік процестің белсенді қатысушыларының бірі. Талар-та осы бағыттың операторы ретінде ТжКБ жүйесіне қатысты саясатты сараптап, оны жақсарту бойынша жұмыстар атқаруда. Туриндік процесс мүдделік фактілік деректерге негізделген техникалық және кәсіптік білім беру саласында тиімді саясатты әзірлеуде, оны еуропалық жүйемен интеграциялауда және халықаралық озық тәжірибеге ұштастыруға, сондай-ақ ТжКБ жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға бағытталған. Оған ЕБҚ-ның 30-дан астам серіктес елі қатысады. Олардың саны жыл сайын артып келеді. Қазіргі таңда, Туриндік процестің фактологиялық мониторинг жасаудағы құралы аналитикалық шеңберіне сүйене отырып сандық және сапалық мәліметтер жинау бойынша жұмыстар атқарудамыз. Біздің тарапымыздан ұйымдастырылып, өткізілетін Туриндік процесс бойынша зерттеудің нәтижелері Қазақстанның ТжКБ жүйесінің дамуына өз септігін тигізуде.

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын заманауи қондырғылармен жабдықтау Елбасының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Жас маман» жобасы бойынша жүзеге асырылуда, яғни еліміздің 180 колледжі бизнес пен халықаралық талаптарға сәйкес модернизациялануда.

Осы орайда жабдықтарды алу рәсімін қысқаша айтып өтсек, тізімге енген колледждер заманауи жабдықтарды алу үшін жұмыс әлеуметтік серіктес – берушілермен келісе отырып өз аймағында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін қажетті жабдықтардың тізімін құрайды.

Аталған жабдықтар құрамы аймақтық комиссияда қарастырылып бекітіледі, оның кем дегенде 50%-ын жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер құрайды (сонымен қатар, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы да бар).

Әр аймақ құралған жабдықтар тізімін «Талар» КеАҚ-ы жібереді. Біз оператор ретінде барлық жабдықтар

тізімін «Атамекен» ҰҚП және салалық жұмыс берушілердің ассоциациясына келісуге жолдаймыз. Аталған мекемелерден келісім алынғаннан кейін жабдықтар тізімі республикалық комиссия деңгейінде қарастырылып, бекітіледі. Бекітілген тізімге сәйкес колледждер белгіленген тәртіпте сатып алу жұмыстарын жүргізеді.

Нәтижесінде 2020 жылы «Жас маман» жобасына еліміздің әр аймағынан 80 колледж іріктеліп алынды. Олар мамандықтарды даярлау бағыты бойынша заманауи жабдықтарды сатып алды, атап айтсақ жеңіл өнеркәсіп, аспаз, машина жасау, автокөліктерді жөндеу, ауыл шаруашылығы, IT мамандықтары бойынша, сонымен қатар мехатроника секілді жаңа саланың да жабдықтары бар.

**Үстіміздегі жылы «Жас маман» жобасының шеңберінде 100 колледжді заманауи қондырғылармен жабдықтау жоспарланған.**

**Сонымен қатар заманауи қондырғылармен жабдыкталған колледждер өз базаларында құзыреттілік орталықтарын ашу бойынша жұмыстарды жүргізуде.**

«Жас маман» жобасының тиімділігін арттырудың екінші бағыты жаңадан алынған жабдықтарда болашақ мамандарды даярлау үшін жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу. Осы орайда «Жас маман» жобасына қатысушы колледждерде халықаралық деңгейде мақұлданған жұмысшы кадрларды даярлаудың бағдарламаларын енгізу көзделіп отыр.

Әлемдегі, экономикадағы, қоғамдағы үздіксіз өзгерістер жағдайында кадрлар даярлау жүйесін үнемі жаңғыртып отыру қажет, өйткені дәстүрлі форматтар ескіруде. Өз кезегінде, өндірістің трансформациясы кадрлардың кәсіби дағдыларының өзекті болуын, заманауи құрылғыларда жұмыс жасай алуын үнемі қажет етіп тұрады.

«Жас маман» жобасының жүзеге асырылуының арқасында еліміздегі колледждердегі «қондырғылар паркі» жаңартылып, өз кезегінде білікті мамандарды даярлау бойынша жұмыстардың жандануына, сондай-ақ

жұмыс берушінің талабына сай болуына әкеледі.

Қазақта «Шеберді саусағы асырайды» деген жақсы сөз бар, әрбір жұмысшы маман, өз ісінің шебері болса, сөзсіз еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болудың кепілі деп ойлаймын.

Әрине, қажетті нәтижеге бүгін-ертең жетеміз деу артық болар, дегенменде «Жас маман» жобасының оң нәтижесі алдағы бес жылдың көлемінде көрінеді деген сенім бар.

Жоғарыда айтылғандай Талартың алдыңғы мақсаттарының бірі – ТжКБ жүйесіне алдыңғы қатарлы колледждердің тәжірибесін трансляциялау, оның ішінде «АРЕС PetroTechnic» жоғары колледжінің тәжірибесін таратуда бар.

Бұл жұмыста жүзеге асыруда біздің тарапымыздан колледждермен вебинар, тренинг, семинар және т.б. ұйымдастырылып, озық тәжірибе пысықталып, олар ТжКБ жүйесіне таратылуда.

Сонымен қатар Елбасының тапсырмасымен құрылған Атырау қаласындағы «АРЕС PetroTechnic» жоғары колледжде бүгінгі таңда өз тәжірибесін өзге де отандық кәсіби білім беру ордаларына енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде.

2013 жылы ашылған мұнай-газ саласына кәсіби маман даярлаумен шұғылданатын Кәсіпқорға қарасты «АРЕС PetroTechnic» жоғары колледжі бүгінде халықаралық деңгейде білім беретін оқу ордасына айналып үлгерді деп толықтай айтуға болады. Әлемдік ұйымның рейтингіне сүйенсек, біздің оқу орын үздік 100 колледждің ішіне кіреді. Бүгінде, АРЕС PetroTechnic жоғары колледжінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген 1300-ден астам студент білім алып жатыр. Оқу ағылшын тілінде және модульдық бағдарлама бойынша жүргізіледі.

**Қазіргі таңда әлемдік стандарт бойынша ірі мұнай-газ кеніштері шоғырланған батыс облыстары үшін кәсіби маман даярлау да, сондай-ақ сенімді серіктестік пен өзара әріптестік байланыстың арқасында біздің отандық ұстаздар да халықаралық білім беру жүйесін ілгерлі түрде игеру үстінде.**

Сонымен қатар аталған колледж OPITO, NCCER және т.б. халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс атқаруда. Ең бастысы болашақта дәл осындай білімі мен біліктілігі жоғары, әмбебап мамандар Қазақ елінде мұнай-газ саласын дамытуға өз үлестерін қосады деген сенімдеміз.

ТжКБ жүйесінің маңызды элементтерінің бірі мониторингтеу, бағалау және саралау жатады. Талартың қызметінде ТжКБ оқу орындарына рейтинг жүйесін енгізу бойынша жұмыстарды жасауда қарастырылған. Осы ретте Талар 2017 жылдан бастап ТжКБ ұйымдарының оқу әдістемелік бірлестіктерімен келісілген әдістемеге сәйкес колледждердің рейтингін жасауда. Рейтинг индикаторлары: қызметтегі сапа, кәсіби кадрлар, бизнес-қауымдастықпен өзара алмасу, WorldSkills жобасына және басқа да инновациялық жобаға қатысулары, студенттердің контингенттері бағыттарын қамтиды. Бұл өз кезегінде колледждердің арасында бәсекеге қабілеттілігіне, кадрлар даярлауда және бағдарламалардың мазмұнының жаңаруына септігін тигізеді. Мемлекеттік органдар, білім басқармалары үшін саралау көрсеткіштері еліміздің білім жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдауда негіздердің бірі болып табылады.

Тұжырымдай келсек, «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамы еліміздің ТжКБ-ны жетілдіруде тиісті үлес қосуда. Сонымен қатар, 2025 жылға дейін Қазақстанды дамыту ұлттық жоспарында айқындалған стратегиялық бағыттарды жүзеге асыруда, оның ішінде ТжКБ өркендету бойынша мақсат-жоспарларды әлі де қарқынды түрде жалғастырады деген сенімдемін.

**С. М. ТАТИБЕКОВ,  
«Талар» АҚ вице-президенті**

#### АННОТАЦИЯ ○

О роли и опыте некоммерческого акционерного общества «Талап» в модернизации содержания и развития учебно-воспитательного процесса в организациях технического и профессионального образования – статья вице-президента Санжара Татибекова.